

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" республикалық мемлекеттік кәсіпорны қызметінің мәселелері бойынша жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі міндетін атқарушының 2006 жылғы 14 наурыздағы N 57-ө Өкімі

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының проблемалық мәселелерін шешу жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

- | | |
|------------------------|---|
| Есімов | - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі, жетекші |
| Ахметжан Смағұлұлы | шаруашылығы министрі, жетекші |
| Айтжанов | - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі, жетекшінің орынбасары |
| Дулат Нулиұлы | |
| Бадашев | - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің басқарма бастығы, хатшы |
| Ерлан Айтмаханұлы | |
| Оразалинов | - Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша) |
| Шаймерден Әбілмәжінұлы | |
| Сыздықов | - Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша) |
| Тито Уахапұлы | |
| Шаекин | - Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша) |
| Рауан Михайлович | |
| Нефедов | - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары |
| Алексей Петрович | |
| Рябцев | - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің төрағасы |
| Анатолий Дмитриевич | |
| Клякин | - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Электр энергетикасы және көмір өнеркәсібі департаменті директорының орынбасары |
| Владимир Викторович | |

- Маслов Василий Карлович - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық комитеті тұрғын үй құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының бастығы
- Евдокимов Сергей Викторович - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің агроөнеркәсіп кешені және қоршаған ортаны қорғау басқармасы қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы
- Чолокиди Константин Михайлович - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры
- Бабицкий Леонид Антонович - Қарағанды облысы әкімдігінің облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы бастығының орынбасары
- Соколов Сергей Семенович - Павлодар облысы "Екібастұзсу" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры

2. Жұмыс тобы екі ай мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының проблемалық мәселелерін шешу жөнінде ұсыныстар берсін.

Премьер - Министрдің

міндетін атқарушы